

«АК Алтыналмас» АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
(бұдан әрі «Жалғыз құрылтайшы»)

БЕКІТІЛДІ  
(2021 жылдың 12 қарашадағы № 21 Хаттамасы)

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК  
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ  
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ  
2021 ж. 08. 12 откізді  
ЗАҢДЫ ТҮЛҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН  
ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА  
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ  
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА  
08. 12 2021 г.  
БСН/БИН 2440009561

«Акбакай Голд Ресорсиз»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ

**«Ақбакай Голд Ресорсиз»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1.1 АНЫҚТАМАЛАР**

«**Үлестес тұлға**» тікелей және (немесе) жанама түрде шешімдерді айқындауға және (немесе) әрқайсысы (тұлғалардың бірі) қабылдайтын шешімге, оның ішінде жасалған мәмілеге орай ықпал етуге мүмкіндігі бар (өздеріне берілген өкілеттіктер шеңберінде бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды қоспағанда) жеке немесе заңды тұлғалар. Қоғамның үлестес тұлғаларының тізбесі АҚ туралы Заңға белгіленеді.

«**Аудиторлық ұйым**» – қаржылық есептілікті және қаржылық есептілікке байланысты өзге де ақпараттарға аудит жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын және қызмет саласы бойынша қызметтер көрсететін коммерциялық ұйым.

«**Ішкі құжаттар**» дегеніміз Жарғыға сәйкес бекітілген және Қоғамның қызметін реттейтін құжаттар, соның ішінде Қоғамның Директорлар кеңесінің және Комитеттерінің қызметін регламенттейтін құжаттар, сауданы өткізу және құпия мәселелерін реттейтін Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін реттейтін және басқа мәселелерді реттейтін құжаттар.

«**Тіркелу күні**» Қоғамның акционерлік қоғам түрінде заңды тұлға ретінде уәкілетті органда тіркелу күнін білдіреді.

«**Директор**» дегеніміз Директорлар кеңесінің мүшесі.

«**Жалғыз акционер**» Жалғыз құрылтайшысын, оның құқық иеленушілері мен құқықтық мұрагерлерін білдіреді.

«**АҚ туралы Заң**» дегеніміз Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» №415-ІІ Заңы (өзгертулер мен толықтырулармен).

«**Заңнама**» дегеніміз Қазақстан Республикасындағы нормативтік құқықтық актінің күші бар барлық заңдар, қаулылар, жарлықтар, ережелер, нұсқаулықтар, шешімдер, актілер, бұйрықтар және басқа құжаттарды білдіреді.

«**Атқарушы орган**» немесе «**Бас директор**» дегеніміз Қоғамның жекебилікті атқарушы органы.

«**Білікті көпшілік**» дегеніміз көпшіліктің кем дегенде төрттің үшеуін білдіреді.

«**Комитет**» немесе «**Комитеттер**» дегеніміз осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен құрылған Директорлар кеңесінің комитеті (-тері).

«**Ірі мәміле**» дегеніміз (i) АҚ туралы Заңмен «ірі мәміле» ретінде сипатталатын мәміле; (ii) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы, оның нәтижесінде Қоғам Активтерінің баланстық құнының жалпы көлемінің 25 (жиырма

бес) және одан көп пайызын құраса; (iii) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы, оның нәтижесінде (нәтижелерінде) Қоғам өзінің орналастырылған бір түрдегі бағалы қағаздарын Қоғамның бағалы қағаздарының жалпы санынан 25 (жиырма бес) немесе одан көп пайызын құрайтын, сатып алатын болса.

**«Ірі акционер»** - бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) акционерлік қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп проценті тиесілі акционер немесе бірнеше акционер.

**«Тәуелсіз директор»** дегеніміз Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы Қоғамның тәуелсіз директоры қызметінде болған жағдайды қоспағанда), осы Қоғамның үлестес тұлғаларына қатынасы жөнінен үлестес тұлға болып табылмайтын; Қоғамның немесе осы қоғам ұйымының үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарына бағынышты емес және Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде сол тұлғаларға бағынышты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; Қоғамның органдарының отырысында акционердің өкілі болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде ондай аудитор болмаған; аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде Қоғамның аудитіне қатыспаған және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы 3 (үш) жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған Директорлар кеңесінің мүшесі.

**«Қоғам»** дегеніміз Жалғыз құрылтайшының Шешіміне, осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған «Акбакай Голд Ресорсиз» акционерлік қоғамын білдіреді.

**«Төраға»** Директорлармен сайланатын Директорлар кеңесінің төрағасын білдіреді.

**«Жай көпшілік»** дегеніміз құқылы дауыстардың 50 (елу) пайызынан астамын білдіруі.

**«Жай акциялар»** дегеніміз Қоғам шығарған жай акциялар.

**«Рұқсат құжаттары»** дегеніміз Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес берілетін лицензиялар, рұқсаттар, келісімдер, бекітулер немесе басқа санкциялар.

**«Мүдделі мәміле»** дегеніміз мәміле: (i) ол мәміледе Қоғамның Үлестес тұлғасы ондай мәміленің тарапы болып табылады немесе ол мәмілеге делдал ретінде қатысады; немесе (ii) Қоғамның Үлестес тұлғасы ондай мәміледегі өзге тараптың Үлестес тұлғасы болып табылады немесе ондай мәміледегі тараптың делдалы ретінде қатысады.

**«Кеңес»** немесе **«Директорлар кеңесі»** дегеніміз осы Жарғыға сәйкес құрылған Қоғамның директорлар кеңесін білдіреді.

**«Жарғы»** Қоғамның заңды тұлға ретінде мәртебесін анықтайтын құжат.

**«Құрылтай құжаттары»** Қоғамның Жарғысын және Жалғыз құрылтайшының шешімін білдіреді.

«Қаржы жылы» дегеніміз, ол күнтізбелік жылдың 1-қаңтарынан 31-желтоқсанға дейін созылатын Қоғамның қаржы жылын білдіреді.

«Шаруашылық қызмет» дегеніміз осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырылатын Қоғамның кез-келген шаруашылық қызметін білдіреді.

«Орталық депозитарий» дегеніміз Қазақстан Республикасының заңнамасына және Құрылтай құжаттарына сәйкес Қоғамның акционерлерінің тізілімін жүргізуге уәкілетті «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-ды, және оның мұрагерлері мен цессионарийлерін білдіреді.

«Эксперт» дегеніміз нақты Комитетте жұмыс істейтін қажетті кәсіби білімі бар тұлға.

1.2 Осы Жарғы, бұдан әрі «Қоғам» деп аталатын, «Акбакай Голд Ресорсиз» акционерлік қоғамының қызметін реттейді.

1.3 Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылып және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, АҚ туралы Заңына, Құрылтай құжаттарына сәйкес қызмет ететін заңды тұлға болып табылады.

1.4 Қоғамның толық атауы:

мемлекеттік тілде:	«Акбакай Голд Ресорсиз» Акционерлік Қоғамы
орыс тілінде:	Акционерное Общество «Акбакай Голд Ресорсиз»
ағылшын тілінде:	«Akbakay Gold Resources» Joint-Stock Company

1.5 Қоғамның қысқартылған атауы:

мемлекеттік тілде:	«Акбакай Голд Ресорсиз» АҚ
орыс тілінде:	АО «Акбакай Голд Ресорсиз»
ағылшын тілінде:	«Akbakay Gold Resources» JSC

1.6 Қоғамның және оның Атқарушы органның орналасқан жері (мекенжайы): Қазақстан Республикасы, 050013, Алматы қ., Бостандық ауданы, Республика алаңы 15.

1.7 Осы Жарғының және оған сәйкес құрылған Қоғамның әрекет ету мерзімі шектелмеген.

## 2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

2.1 Қоғам меншік құқығында жеке меншік құқығы бар заңды тұлға болып табылады және өз міндеттеріне жауап береді, оның атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттемелерді сатып алады және жүзеге асырады, сотта талапкер және жауапкер бола алады және Тіркелу күнінен акционерлік қоғамның құқықтарын алады.

2.2 Қоғам Заңнама, Құрылтай құжаттары, Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімдері және Ішкі құжаттары негізінде әрекет етеді. Шаруашылық қызметі Тіркелу күнінде басталады, Шаруашылық қызметтердің кейбір түрінен басқа, егер олардың атқарылуына Заңнама бойынша Рұқсат құжатын алу талап етілсе және ол қызметтер тек ондай Рұқсат құжатын алғаннан кейін ғана атқарылатын болса.

- 2.3 Қоғам өзінің жеке балансына, банктік есеп-шотына және мөріне ие. Қоғамның мөрінде шетел тілінде тіркелген атауы, тауар белгісі, символы, логотипі немесе өзге ерекшелік белгісі жазылуы мүмкін.
- 2.4 Қоғам өз қызметінің мақсаттарына жету үшін келесіні атқаруға: мәмілелер бекітуге, мүлікті меншікке алуға, міндеттер алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға және Заңнамаға сәйкес басқа да құқықтарды атқаруға құқылы.
- 2.5 Қоғам Қазақстан Республикасында және одан тыс жерде Директорлар кеңесінің шешімімен филиалдар мен өкілдіктер ашуға және Заңнамаға және Құрылтай құжаттарына сәйкес олардың қызметін ұйымдастыруға құқылы. Қоғамның филиалдары және өкілдіктері Директорлар кеңесі бекіткен ондай филиалдар және өкілдіктер туралы ережелерге сәйкес әрекет етеді.
- 2.6 Қоғам Заңнамаға және осы Жарғыға сәйкес басқа заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысуға құқылы.
- 2.7 Қоғам өзінің міндеттері бойынша жауапты және өзінің Жалғыз Акционерінің (акционерлерінің) міндеттері бойынша жауапты емес. Жалғыз Акционер Заңнамада қарастырылған жағдайлардан басқа, Қоғамның міндеттері бойынша жауапты емес.
- 2.8 Қоғам бухгалтерлік есеп пен қаржылық құжаттама мен есептілікті Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізеді.
- 2.9 Қоғам Заңнамаға сәйкес бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.

### **3. АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

#### **3.1 Акционер құқылы:**

- 3.1.1 Жарғыға және Заңнамаға сәйкес Қоғамды басқаруға және қызметіне қатысуға;
- 3.1.2 Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленген кезде, АҚ туралы Заңға сәйкес Директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуге;
- 3.1.3 дивидендтер алуға;
- 3.1.4 Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционермен (Акционерлердің жалпы жиналысымен) немесе Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;
- 3.1.5 Орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 3.1.6 Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатуралар ұсынуға;
- 3.1.7 Заңнамаға сәйкес өзіне тиесілі акцияларын және Қоғамның басқа да бағалы қағаздарын басқаруға;
- 3.1.8 Қоғамның органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
- 3.1.9 Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан да көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жинақтап алғанда иеленген кезде, АҚ туралы Заңмен

көзделген жағдайларда, өз атынан сот органдарына Қоғамның лауазымды адамдарының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алған пайданы (табысты) қоғамға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге;

- 3.1.10 Қоғамның қызметіне қатысты Қоғамға жазбаша сұраулар жасауға және ол сұрауларға Қоғамға түскен сұраныстың күнінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында негізделген жауап алуға;
- 3.1.11 Қоғам таратылған жағдайда Қоғам мүлкінің бөлігін иемденуге;
- 3.1.12 Заңнамаға сәйкес, акциялар айналымындағы Қоғамның акцияларын сатып алуда үстемділікке ие болуға;
- 3.1.13 АҚ туралы Заңда көзделген тәртіпте Қоғамның акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауға (Акционерлердің жалпы жиналысында шешім қабылдауға қатысу);
- 3.1.14 Артықшылықты акциялардың меншік иелері - акционерлердің жай акциялардың меншік иелері - акционерлеріне қарағанда Қоғамның Жарғысында белгіленіп, алдын ала айқындалып кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Қоғам таратылған кезде осы АҚ туралы Заңда белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқығы бар;
- 3.1.15 Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақысының мөлшері туралы ақпаратты бір мезгілде мынадай жағдайлар болған кезде:
  - Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің өзі (өздері) не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында қоғам акционерлерін қасақана жаңылыстыруға әкелу фактісін сот анықтаған кезде;
  - егер қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғамда залал туындауына алып келгені дәлелденсе, алуға құқылы;
- 3.1.16 Заңнамада, Құрылтай құжаттарында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға. Осы Жарғының 3.1-баптарында көрсетілген акционерлердің құқықтарын кез келген шектеу жарамсыз болып табылады.

## 3.2 Ірі :

- 3.2.1 акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;
- 3.2.2 Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 3.2.3 өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

## 3.3 Акционер:

- 3.3.1. Заңнаманың және Жарғының талаптарын ұстануға;
- 3.3.2. Қоғамның акцияларын төлеуге;

- 3.3.3. осы акционерге тиесілі акцияларды Орталық депозитарийге және (немесе) нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға;
- 3.3.4. Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;
- 3.3.5. Құрылтай құжаттарымен және Заңнамамен анықталғандай басқа міндеттерді қабылдауға және атқаруға міндетті.

#### **4. ҚОҒАМНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ**

- 4.1 Аталмыш Жарғы мен Заңнамаға сәйкес Қоғамның мақсаты Шаруашылық қызметтен табыс алу болып табылады. Бұл мақсатқа жету үшін Қоғам Шаруашылық қызметті жүзеге асыру арқылы Заңнамамен тыйым салынбаған, оларды қосқанда, бірақ олармен шектелмей төмендегілерді іске асырады:
- 4.1.1 асыл металдар мен басқа пайдалы қазбаларды өндіру, оларды қайта өңдеу және өткізу;
- 4.1.2 асыл (қымбат) металдар өндірісі;
- 4.1.3 кенді емес материалдарды өндіру;
- 4.1.4 геологиялық барлау жұмыстары;
- 4.1.5 жобалық және құрылыс-монтаждау жұмыстары;
- 4.1.6 Қоғам қаражаттарының және инвестицияларды тарту есебінен жүзеге асырылатын ғылыми-зерттеу, жобалық және іздестіру жұмыстары, асыл металдарды барлау, өндіру және қайта өңдеу бойынша өндіріс құрылысы мен қайта құру жұмыстары;
- 4.1.7 сауда-саттық, соның ішінде экспорттық-импорттық операциялар;
- 4.1.8 кадрларды кәсіби дайындау, қайта дайындау және біліктілігін арттыру; және
- 4.1.9 қолданыстағы Заңнамамен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері.

Бар Шаруашылық қызмет әрекет етуші Заңнамаға сәйкес, және, егер қажет болса, барлық Рұқсат құжаттарын алғаннан кейін іске асырылуда.

- 4.2 Қоғам Шаруашылық қызметін Құрылтай құжаттары, Ішкі құжаттарына, Заңнамаға және Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысы) шешіміне сәйкес басшылық етеді және іске асырады.
- 4.3 Қоғам акционерлермен негіздемелі күтілетін табыс алу мақсаты бар, және сонымен байланысты қауіптер мен жауапкершілігі бар қызметін өз атынан акционерлердің мүддесінде және шаруашылық қызметті тиісінше іске асыру қағидаларына сәйкес жүргізуде. Дивидендтер АҚ туралы Заңмен белгіленген, Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысы) шешіміне негізделген тәртіпте үлестіріледі.

#### **5. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ**

- 5.1 Қоғамның келесі органдары бар:

- 1) Жоғары органы – Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы);
- 2) Басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) Атқарушы орган – Бас директор.

- 5.2 Қоғамның басқа органдары Заңнамаға сәйкес Қоғамның ішкі шаралары мен ішкі құжаттарымен белгіленетін Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысы) шешімі бойынша құрылуы мүмкін.
- 5.3 Корпоративтік хатшы - Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын Қоғамның қызметкері, оны Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайды және ол қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді, сондай-ақ өз қызметі шеңберінде Акционерлер жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауға және өткізуге бақылау жасайды, Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына материалдар әзірлеуді қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізудің қамтамасыз етілуін бақылайды.

## 6. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР (АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ)

- 6.1 Қоғамның жоғары органы Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы) болып табылады.
- 6.2 Барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі қоғамдарда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. АҚ туралы Заңы және (немесе) Қоғам Жарғысының Акционерлердің жалпы жиналысы құзыретіне қатысты мәселелерге байланысты шешімдері сондай акционермен жеке-дара қабылданып, егер бұл шешімдер артықшылықты акциялармен расталған құқықтарды бұзбайтын және шектемейтін болса, жазбаша түрде ресімделеді.
- 6.3 Қоғамның жария етілген акцияларын алғаш шығарылуының мемлекеттік тіркелуі күнінен және Орталық депозитариймен іске асырылатын құнды қағаз ұстаушылары жүйесін құру күнінен 2 (екі) ай ішінде Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы шешімді қабылдау қажет.
- 6.4 Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы) жыл сайын қаржылық жыл аяқталған соң 5 (бес) ай ішінде АҚ туралы Заңға сәйкес Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) құзыретіне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті. Аталған кезең есеп беру мерзімі үшін Қоғамның қызметі аудитін аяқтай алмау жағдайында 3 (үш) айға дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін.
- 6.5 Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімдері Атқарушы органның орналасқан жерінде сақталуы керек және Жалғыз акционерге (Акционерлердің жалпы жиналысына) кез-келген уақытта қарау үшін ұсынылу керек.
- 6.6 Заңнамада қарастырылған жағдайлардан басқа, Қоғамның Бас директоры және басқа лауазымды тұлғалар акционерлердің өкілі ретінде қатысуға құқылы емес.
- 6.7 Егер Заңнаманың талаптарымен басқаша қарастырылмаса, Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) келесідей мәселелер бойынша ерекше құзыреті бар:
- 6.7.1 Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 6.7.2 Корпоративтік басқару кодексін, сонымен бірге оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 6.7.3 Қоғамның ерікті қайта құрылуы немесе тарқатылуы;



- 6.7.4 Қоғамның жария етілген акциялары көлемін көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жария етілген акцияларының түрін өзгерту;
- 6.7.5 Қоғамның құнды қағаздарын айырбастау, және өзгерту шарттары мен тәртібін белгілеу;
- 6.7.6 Жай акцияларына айырбасталатын құнды қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
- 6.7.7 Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін екінші түрлі акцияға ауыстыру туралы шешім қабылдау, мұндай ауыстырудың шарттары мен тәртібін белгілеу;
- 6.7.8 есеп комиссиясының сан құрамын және өкілеттік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6.7.9 Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттілік мерзімдерін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен бірге, сыйақы төлемдері мен Директорлар Кеңесі мүшелеріне міндеттерін атқаруы үшін шығындарының өтемақысы көлемі мен шартын белгілеу;
- 6.7.10 Қоғамның аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
- 6.7.11 Қоғамның жылдық қаржылық есебін бекіту;
- 6.7.12 Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
- 6.7.13 Жай акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 6.7.14 Қоғам акцияларының листингі немесе еркін делистингі туралы шешім қабылдау;
- 6.7.15 Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құру немесе қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау, немесе басқа заңды тұлғалар акционерлері (қатысушылары) Қоғам активтерінің Қоғамға тиесілі активтердің 25 (жиырма бес) және одан артық пайызын құрайтын сомаға бір бөлігін немесе барлығын тапсыру (алу) жолымен құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;
- 6.7.16 Қоғамның Акционерлердің жалпы жиналысын (Жалғыз акционер) шақыру туралы акционерлерді хабарландыру формасын белгілеу;
- 6.7.17 Заңнамаға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алу жағдайында Қоғам акциялары құнын анықтау әдісін өзгертуді бекіту;
- 6.7.18 акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- 6.7.19 Акционерлерге Шаруашылық қызмет туралы ақпаратты ұсыну тәртібін белгілеу, оның ішінде, Қоғам Жарғысында бұндай тәртіп белгіленбеген болса, бұқаралық ақпарат құралын белгілеу;
- 6.7.20 «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;
- 6.7.21 нәтижесінде акционерлік қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің (50) елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны оның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің (50) елу және одан көп пайызын құрайтын мүлкті нәтижесінде қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы

немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

- 6.7.22 Заңнамамен және (немесе) Қоғам Жарғысымен Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) айрықша құзыретіне қатысты шешімдерді қабылданатын басқа да мәселелер.
- 6.8 Заңнамамен қарастырылмаса, Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) айрықша құзыретіне қатысты шешімдерді қабылдайтын мәселелерді басқа органдар құзыретіне, лауазымды тұлғаларға және Қоғам жұмыскерлеріне тапсыруға жол берілмейді.
- 6.9 Жалғыз акционер (Акционерлердің жалпы жиналысы) Қоғамның ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- 6.10 Аталмыш 6-баптың 6.7.2, 6.7.3, 6.7.4 және 6.7.16 тармағында аталған мәселелер бойынша Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санынан білікті көпшілікпен қабылданады.
- 6.11 Акционерлердің жалпы жиналысының басқа мәселелерге байланысты шешімдері, егер АҚ туралы заңмен басқа бекітілмесе, дауыс беруге қатысушы акциялардың жалпы санынан жай дауыс көптігімен қабылданады.

## **7. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРТУ, ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

7.1 Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақыртады.

7.2 Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы:

- 1) Директорлар кеңесі;
- 2) Ірі акционер бастамаларымен шақыртылады.

Ерікті түрде таратылу процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

7.3 Акционерлердің жалпы жиналысына дайындалу және оны өткізуді:

- 1) Атқарушы орган;
- 2) Жасалған шартқа сәйкес Орталық депозитарий;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Тарату комиссиясы жүзеге асырады.

7.4 Акционерлердің жалпы жиналысын шақыртуға, дайындалуға және өткізуге кеткен шығындарды, АҚ туралы Заңмен орнатылған жағдайлардан басқа, Қоғам өтейді.

7.5 Акционерлердің жалпы жылдық жиналысы Қоғамның органдары АҚ туралы Заңмен орнатылған Акционерлердің Жалпы жылдық жиналысының шақыртудың тәртібін бұзған жағдайда кез келген мүдделі тұлғаның қуынымы бойынша қабылданған сот шешімінің негізінде шақыртылуы мүмкін.

- 7.6 Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Ірі акционердің қуынымы бойынша Қоғамның органдары Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы оның талабын орындамаған жағдайда қабылданған сот шешімінің негізінде шақыртылуы және өткізілуі мүмкін.
- 7.7 Ірі акционердің бастамасымен Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу ондай жиналыстың күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабарламаны Атқарушы органның орналасқан орнына жіберу арқылы Директорлар кеңесіне ұсынылатын Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы оның талабы бойынша жүзеге асырылады.
- 7.8 Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы талап, сонымен қатар күн тәртібі АҚ туралы Заңының талаптарына сәйкес рәсімделуі тиіс.
- 7.9 Директорлар кеңесі айтылмыш талапты алған күнінен он жұмыс күн ішінде шешімді қабылдауы және ондай шешімді қабылдаған мерзімінен үш жұмыс күннен кеш емес мерзімде осы талапты білдірген тұлғаға Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту немесе оны шақыртудан бас тарту туралы қабылданған шешім туралы хабарламаны жіберуі тиіс.
- 7.10 Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыртудан бас тарту туралы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімі сотта қарсы қарастырылуы мүмкін.
- 7.11 Егер АҚ туралы Заңмен орнатылған мерзімде Директорлар кеңесі ұсынылған талап бойынша Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырту туралы шешім қабылданбаған жағдайда, оның шақыртуын талап ететін тұлғаның Қоғамды Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын өткізуді міндеттеу талабымен сотқа жүгінуге құқығы бар.
- 7.12 Акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге құқығы бар акционерлердің тізімін Қоғамның акция ұстаушылардың тізілімдер жүйесінің мәліметтері негізінде Орталық депозитарий құрастырады.
- 7.13 Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізудің күні мен уақыты оған қатысуға құқығы бар тұлғалардың мейлінше көп саны қатыса алатындай орнатылуы тиіс. Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысын қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы Атқарушы органның орналасу орны бойынша елді мекенде өткізілуі тиіс.
- 7.14 Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға не оларға жіберілуге тиіс. Егер Қоғам акционерлерінің саны 50 (елу) акционерден аспаса, хабарлама акционерге жазбаша хабарлама жолдау арқылы жіберілуге тиіс.
- 7.15 Миноритарлық акционердің Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген сұрақтар бойынша шешімді қабылдаған кезде басқа акционерлермен бірігу мақсатымен Орталық депозитарийге өтінуге құқығы бар.
- 7.16 Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған жағдайларда Акционерлердің Жалпы жиналысын қайта өткізу Акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) Жалпы жиналысының орнатылған өткізу күнінен кейін келесі күнінен ерте емес белгіленуі мүмкін.

- 7.17 Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысының күн тәртібі өткізілмеген Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауы тиіс.
- 7.18 Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директор кеңесі құрастырады және талқыға салынатын нақтылы түрде тұжырымдалған толық қамтыған сұрақтарды қамтуы тиіс.
- 7.19 Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібіне:
- Қоғам акционерлері жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін 15 (он бес) күннен кешіктірілмей толықтырулар туралы хабардар етілген жағдайда, Қоғамның дауыс беретін акцияларының 5 (бес) және одан көп пайызын дербес немесе басқа акционерлермен жиынтықта иеленетін акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған осындай толықтырулар;
  - егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде (95) тоқсан бес пайызын жиынтығында иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізілуіне дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін.
- 7.20 Көзбе-көз тәртіпте жүргізілетін Акционерлердің жалпы жиналысын ашқан кезде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту бойынша алынған ұсыныстары туралы баяндауға міндетті.
- 7.21 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту жиналысты ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акциялардың жалпы санынан дауыстардың көпшілігімен жүзеге асырылады.
- 7.22 Шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы сырттан дауыс беру арқылы қабылдаған кезде Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін емес.
- 7.23 Акционерлердің жалпы жиналысының оның күн тәртібіне қосылмаған сұрақтарды қарастыруға және олар бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ.
- 7.24 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтары бойынша мәліметтер берілген сұрақтар бойынша дәйекті шешімді қабылдауға қажетті толық көлемінде ақпаратты қамтуы тиіс.
- 7.25 Қоғамның органдарын сайлау сұрақтары бойынша мәліметтер АҚ туралы Заңмен орнатылған ақпаратты қамтуы тиіс.
- 7.26 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Қоғамның Директорлар кеңесін (жаңа Директорды сайлау) сайлау туралы сұрақты қосқан жағдайда мәліметтерде Директорға ұсынылатын үміткер қай акционердің өкілі екені немесе ол Тәуелсіз Директор лауазымына үміткер болып табылатыны көрсетілуі тиіс.
- 7.27 Акционерлердің жалпы жылдық жиналысының күн тәртібінің мәліметтері келесі сұрақтарды қамтуы тиіс:
- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептемесі;
  - 2) жылдық қаржылық есептеменің аудиторлық есептілігі;

- 3) Директорлар кеңесінің өтіп кеткен қаржылық жыл үшін Қоғамның таза табысын бөлу және бір Жай акциясы есебімен жыл үшін үлеспайданың көлемі туралы ұсыныстар;
  - 4) Қоғамның және оның лауазымды тұлғалардың әрекеттеріне жүгінген акционерлер және оларды қарастыру қорытындылары туралы мәлімет;
  - 5) АҚ туралы Заңының ережелерімен қарастырылған жағдайларда Директорлар кеңесінің жылдық есептемесі;
  - 6) Акционерлердің жалпы жиналысының бастамашының шешімімен басқа құжаттар.
- 7.28 Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтары бойынша мәліметтер дайын және акционерлерді таныстыру үшін жиналысты өткізу күніне дейін 10 (он) күннен кеш емес мерзімде Атқарушы органның орналасу орны бойынша қолжетімді болуы тиіс, ал акционердің сауалы бар болған жағдайда – сауалды алған күнінен 3 (үш) жұмыс күн ішінде жөнелтілуі тиіс; құжаттардың көшірмелерін жасау және құжаттарды жеткізуге кеткен шығындарды акционер өтейді.
- 7.29 Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің сұрақтары бойынша шешімдерді қарастыруға және шешімдерді қабылдауға (кворум) құқығы бар, егер жиналыстың қатысушыларын тіркеу аяқталған сәтте акционерлер тізіміне Қоғамның дауыс беретін 50 (елу) немесе одан көп акциялардың қосындысын иеленетін оған қатысуға құқығы бар қосылған акционерлер немесе олардың өкілдерді тіркелген жағдайда.
- 7.30 Өткізілмеген жиналыстың орнына жүргізілетін қайталама Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтарын қарауға және шешім қабылдауға құқық болады, егер:
- 1) кворум жоқтығының себебімен өткізілмеген Акционерлердің жалпы жиналысын шақыртудың тәртібі сақталған жағдайда;
  - 2) тіркеу аяқталған сәтте қатысу үшін Қоғамның дауыс беретін 40 (қырық) немесе одан көп акциялардың қосындысын иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері) тіркелген жағдайда, оның ішінде дауыс беретін акционерлер.
- 7.31 Акционерлерге сырттан дауыс беру үшін бюллетеньдерді жіберген жағдайда, айтылмыш бюллетеньдерімен ұсынылған және Қоғамның жалпы жиналыстың қатысушыларын тіркеу сәтінде алынған дауыстар кворумды анықтау және дауыс берудің нәтижелерін қорытындылаған кезде есептелінеді.
- 7.32 Сырттан дауыс беру арқылы Акционерлердің жалпы жиналысы өткізген кезде кворум болмаған жағдайда Акционерлердің қайталама жалпы жиналысы өткізілмейді.
- 7.33 Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қарастырылатын сұрақтар бойынша өзі немесе АҚ туралы Заңына сәйкес өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқығы бар.
- 7.34 Акционерлердің жалпы жиналысын ашудың алдында келген акционерлердің (олардың өкілдері) тіркеуі жасалынады. Акционердің өкілі Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс. Тіркеуден өтпеген акционер (оның өкілі) кворумды анықтаған кезде есепке алынбайды және оның дауыс беруге құқығы жоқ.

- 7.35 Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда мәлімденген уақытта ашылады. Барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркеліп, хабардар болған және жиналысты ашу уақытын өзгертуіне қарсы емес болған жағдайдан басқа, Акционерлердің жалпы жиналысы мәлімденген уақыттан ерте мерзімде ашылмауы тиіс.
- 7.36 Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасы (президиумы) және хатшының сайлауын өткізеді.
- 7.37 Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс берудің формасын – ашық немесе құпия (бюллетень бойынша) анықтайды. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын (президиумы) және хатшысын сайлау жөніндегі мәселе бойынша дауыс беру кезінде әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім әдеттегідей қатысушылар санының басым дауысымен қабылданады.
- 7.38 Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қарастырылып отырған мәселе жөніндегі таласты тоқтату жөнінде дауысқа салуды ұсынуға, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынуға құқылы. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы тұлғаларға, мұндай сөз сөйлеулер Жалпы жиналыс регламентін бұзбаған немесе сөз таластырулар бұл мәселе тоқтатылған жағдайларды есептемегенде, бөгет келтіруге құқы жоқ.
- 7.39 Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысындағы үзілістер және жқмысты ұзарту уақытын, соның ішінде Акционерлердің жалпы жиналысындағы күн тәртібіндегі жекелеген мәселелерді келесі күнге ауыстыруға құқылы.
- 7.40 Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарастырғаннан кейін және солар бойынша шешімдер қабылданғаннан соң жабық деп жариялануы мүмкін.
- 7.41 Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен шынайылығы үшін жауап береді.
- 7.42 Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдер сырттай дауыс беруді жүргізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушылардың даусымен немесе Акционерлердің жалпы жиналысының мәжілісін өткізбеу және АҚ туралы Заңға сәйкес өткізілуімен қатар қолданыла алады.
- 7.43 Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру «бір науқан – бір дауыс» принципі бойынша, келесі жайттарды есепке алмаған кездерде жүзеге асады:
- 1) Заңнамамен қарастырылған жағдайларда бір акционерлердің біреуіне ұсынылатын акциялар бойынша максималды дауыс санының шектелімі;
  - 2) Директорларды сайлаған кездегі жиынтықты дауыс;
  - 3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге құқы бар кез келген тұлғаға Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудегі процедуралық мәселелер бойынша бір дауыстан ұсыну.
- 7.44 Жиынтықты дауыс беру кезінде акция бойынша ұсынылатын дауыстарды акционерлере толықтай бір Директорлыққа үміткерге немесе Директорлыққа бірнеше

үміткерлерге бөлінуі мүмкін. Директорлар кеңесіне сайланған кандидаттар болып басым дауыс жинаған тұлға есептеледі.

- 7.45 Тікелей тәртіпте өткізілген Акционерлердің жалпы жиналысы құпия тәсілмен жүргізілсе, мұндай дауыс беруде бюллетеньдер (осы бапта бұдан әрі – тікелей құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер) АҚ туралы Заңға сәйкес құпия тәсілмен өтетін дауыс берудің әрбір жекелеген мәселесі бойынша құрастырылуы тиіс.
- 7.46 Тікелей құпия дауыс беру бюллетенін акционер бюллетеньге өзі қол қоямын деп тілек білдірген жағдайды, сондай-ақ осы Заңға сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға қойылатын талаптарды қоспағанда акционер бюллетеньге қол қоймайды.
- 7.47 Тікелей құпия дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды еспетеу барысында бюллетеньде анықталған дауыс берушілердің дауыс беру тіртібін сақтаған және дауыс берудің бір кәміл нұсқасы белгіленген дауыстар есептеледі.
- 7.48 Дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беру қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылады.
- 7.49 Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жазылып және қол қойылған соң тікелей құпия және хаттама толтыруға негіз болған, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (жарамсыз деп танылған бюллетеньдерді қоса есептегенде) хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамда сақталады. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасына біріктірілуге жатады.
- 7.50 Дауыс беру қорытындыларын Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру жүргізілген кезде жария етеді. Акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері акционерлердің назарына Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялау арқылы әрбір акционерге жеткізілетін болады.
- 7.51 Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы АҚ туралы Заңға сәйкес құрастырылып және жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде қол қойылуы тиіс.
- 7.52 Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына төрағаның (президиум мүшесі) және Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысының қолдары қойылуы тиіс.
- 7.53 Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен бірге, жалпы жиналысқа қатысуға және дауыс беруге құқық беру сенімхаттарымен, сондай-ақ хаттамаға қол қою және қол қоюдан бас тарту себептерімен бірге тігіледі. Аталған құжаттар Атқарушы органда сақталады және акционерлерге танысуға кез келген уақытта ұсынылады. Акционердің талабы бойынша Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

## 8. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

- 8.1 Директорлар кеңесі Қоғамның жалпы басшылығын жүргізуге жауапты. Егер Заңнамамен өзге жағдайлар бекітілмесе, келесі мәселелер Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатады және Атқарушы органға берілмейді:

- 8.1.1 Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғам дамуының стратегиясын анықтау, сондай-ақ Заңнамамен қарастылырған жағдайларда Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 8.1.2 Акционерлердің жалпы жиналысының жыл сайынғы және кезектен тыс шақырылымы туралы шешім қабылдауға;
- 8.1.3 АҚ туралы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 8.1.4 Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 8.1.5 Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 8.1.6 Жылдық бюджеттер, орташа жедел Бизнес-жоспарлар (3 жылға) және Қоғамның ұзақ мерзімді Бизнес-жоспарларын бекіту;
- 8.1.7 Қоғамның қаржылық үлгілерін бекіту;
- 8.1.8 бюджеттен тыс шарттар туралы шешім қабылдау;
- 8.1.9 Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 8.1.10 Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару талаптарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
- 8.1.11 Атқарушы органның сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін (Атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамды) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8.1.12 Атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің (Атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын адамның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;
- 8.1.13 ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;
- 8.1.14 Корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
- 8.1.15 қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
- 8.1.16 Қоғамның Ішкі құжаттарын (Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында Атқарушы орган қабылдаған құжаттардан басқа), соның ішінде аукциондарды өткізу шарттары мен тәртібін бекітетін және Қоғамның құнды қағаздарына қол қоятын құжаттарды бекіту;
- 8.1.17 Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жою туралы шешімдер қабылдау және олар жөнінде ережелерді бекіту;
- 8.1.18 Қоғамның меншікті капиталы көлемінің 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын міндеттерін шамаға көтеру туралы шешімдерді қабылдау;



- 8.1.19 Қоғам акцияларының (қатысу үлесі) 10 (он) және одан көп пайызын басқа заңды тұлғалардан алу (беру) туралы шешімдерді қабылдау;
- 8.1.20 Қоғамға тиесілі акциялардың 10 (он) және одан көп пайызына ие заңды тұлғалар акционерлердің жалпы жиналысы (қатысушылар) құзыретіне жататын қызметтер мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
- 8.1.21 Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;
- 8.1.22 Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің 10 (он) және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;
- 8.1.23 АҚ туралы Заңына сәйкес Жалғыз акционермен (Акционерлердің жалпы жиналысымен) қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасауға Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;
- 8.1.24 Қоғам жасайтын кез келген қарыздар мен несиелер туралы келісімдер жөнінде шешімдер қабылдау жіне бекіту;
- 8.1.25 Қоғам мүлкін кепілге қою және Қоғам беретін кез келген кепілдік туралы шешім қабылдау;
- 8.1.26 Атқарушы органның ұсынылымы бойынша Қоғамның штаттық саны мен ұйымдастыру құрылымын бекіту;
- 8.1.27 Заңнамамен және (немесе) осы Жарғымен қарастырылған және Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) ерекше құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер.

8.2 Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімімен сайланатын 3 (үш) директордан тұрады, оның 1 (бірі) Тәуелсіз директор болуы тиіс.

8.3 Директорларды сайлауды акционерлер дауыс беру бюллетеньдерін пайдалану арқылы, Директорлар кеңесіне кандидаттыққа бір үміткер болатын жағдайды қоспағанда, жиынтықты дауыс беру арқылы жүргізіледі.

Жиынтықты дауыс беру бюллетені келесі тараулардан тұруы тиіс:

- 1) Директорларға кандидаттар тізімі;
- 2) Акционерге тиесілі дауыс саны;
- 3) Акционер Директорлыққа үміткер кандидатқа берген дауыс саны;

8.4 Жиынтықты дауыс беру бюллетеніне «қарсы» және «қалыс қалу» нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.

8.5 Акционер өзіне тиесілі дауысты толықтай бір кандидатқа немесе Директорлыққа үміткер кандидаттарға бөліп беруге құқылы. Директорлар кеңесіне сайланған деп басым дауыс жинаған кандидаттар саналады. Егер екі немесе одан көп кандидат тең дауыс жинаса, онда оларға қатысты қосымша тең дауыс жинаған кандидаттарды көрсете отырып жиынтықты дауыс беру бюллетендерін акционерлерге ұсыну жолымен жиынтықты дауыс беру жүргізіледі.

8.6 Директорлар кеңесінің құзыреттілік мерзімі Жалғыз акционердің (Акционерлердің жалпы жиналысының) шешімімен бекітіледі.

- 8.7 Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.
- 8.8 Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл орайда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.
